

Жемқорлыққа қарсы технологиялар зертханасы

# SANALY URPAQ

Лаборатория антикоррупционных технологий



«Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесі



Академия "Shymkent-Adalduq Alany" жобалық кеңсесімен және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаментімен тығыз жұмыс істейді. Жоба кеңсесінің жетекшісі - ОҚМА ӘМЖЖСБ маманы Тасжанов Берик.

«Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесінің мақсаты

«Саналы ұрпақ» жобасының (бұдан әрі – Жоба) миссиясы: сыбайлас жемқорлықтан азат Қазақстанда тұратын патриот және бәсекеге қабілетті жастар. Жобаның мақсаты – білім беру жүйесінде сыбайлас жемқорлықты жою, білім беру жүйесі арқылы сыбайлас жемқорлықтан бас тарту ортасын қалыптастыру.






Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай бірыңғай сағат өткізілді. Бірыңғай сағаттың мақсаты: сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне төзбеушілік ахуалын қалыптастыра отырып, білім алушыларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа тарту; жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениетті, білім мен тәрбиені қалыптастыру; сыбайлас жемқорлықтың пайда болу алғышарттарын азайту.




Жылына екі рет студенттер мен қызметкерлерден «Таза сессия» акциясы шеңберінде сауалнама жүргізіліп тұрады.

# Республикалық «Sanaly urraq» жобалық кеңсесінің жетекшісімен кездесу




ОҚМА мен Шымкент қалалық «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесі бірлесіп республика өңірлерінде сыбайлас жемқорлық бағытында құқық бұзушылықтар жасаудың алдын алу мәселелері бойынша барлық мемлекеттік және жеке жоғары оқу орындарының, орта арнаулы оқу орындарының, білім басқармасының қатысуымен онлайн жиналыс өткізілді.






# «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің басшысы Ж.Қамбармен кездесу



Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты басқармасының бастамасымен Шымкент «Адалдық алаңының» төрағасы Қамбар Жанмен онлайн ZOOM форматында кездесу өткізілді. «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің басшысы Ж.Қамбар қазіргі кездегі қашықтан оқыту жүйесі мен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелерін айта отырып, «Саналы ұрпақ» (ЖОО) пен «Адал ұрпақ» (балабақша, мектеп) бағыттарындағы жұмыстарына тоқталып өтті. Іс-шара соңы студенттердің қойған сұрақтарына жауап беріліп қорытындыланды.



# «Адалдық сағаты» іс-шарасы



# «Адалдықты мұра еткен ұлы Абай»



«Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесі жайлы  
қосымша сұрақтар бойынша

- 1.Тасжанов Берик 8775 973 5619(кеңсе жетекшісі)
- 2.Аманбай Гүлфарида 8776 167 2701(кеңесшісі)